



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2002 жылғы 8 қазанға тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 7 тамыз N 918

Республикалық баспасөзде

жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Z952464_ заңының 69-бабына сәйкес және 1997 жылғы қазанда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау 2002 жылғы 8 қазанға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау іс-шаралары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Z952464_ заңында белгіленген ережелерге сәйкес және мерзімде өткізіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың және Алматы мен

Астана қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2002 жылғы 7 тамыз

№ 918

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК